

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2018 жылғы 20 қыркүйектегі
№ 469 бұйрығына 98 - қосымша

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2013 жылғы 3 сәуірдегі
№ 115 бұйрығына 538 -қосымша

Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған
5-9 сыныптары үшін «Тәртіп мәдениеті» пәнінен жаңартылған мазмұндағы
үлгілік оқу бағдарламасы

1 - тарау. Жалпы ережелер

1. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған 5-9 сыныптары үшін «Тәртіп мәдениеті» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы б) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. «Тәртіп мәдениеті» пәнінің мақсаты орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды қоғамдық ортаға әлеуметтік бейімдеу болып табылады.

3. Тәртіп мәдениетіне оқыту міндеттері:

- 1) білім алушыларды қажетті гигиеналық дағдыларына баулу;
- 2) туындаған жағдайда бағдарлауға, өзін белгілі бір жағдайға сәйкес ұстауға үйрету;
- 3) қажетті әрекеттерді орындаудың бірізділігіне үйрету, өзіне деген сенімділік сезіміне иландыру;
- 4) әрекеттер мәдениетіне үйрету;
- 5) қоғамдық көлікті пайдалануға үйрету;
- 6) шамасы жететін әлеуметтік-тұрмыстық дағдыларды қалыптастыру;
- 7) әр түрлі әрекеттердегі өзара жағымды қарым-қатынасты қалыптастыру;
- 8) адамгершіліктік сана мен адамгершіліктік сезімнің белгілі бір элементтерін тәрбиелеу;
- 9) еңбекке деген жағымды қатынасты қалыптастыру;
- 10) қарым-қатынас жасауға, диалог жүргізуге үйрету.

2 - тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер

4. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды оқытудың оқу процесін ұйымдастыру тәсілдемесінің негізінде ақыл-ой дамымауы айқын байқалатын тұлғалардың өмірін ұйымдастырудың негізін қалаушы идея ретінде бүкіл әлемде қабылданған «қалыптандыру» педагогикалық тұжырымдамасы жатыр. Осы тұжырымдамаға сәйкес білім алушы түзету педагогикалық шаралардың барлық жүйесін жобалаған кездегі негізгі және жалғыз есептеу нүктесі болып табылады. Жоспарланған педагогикалық шаралар білім алушылармен тікелей жүргізілетін жұмыстарды ғана емес, сондай-ақ қоршаған ортаның қайтадан құрылуын, әрбір білім алушының өзіндік әрекетін ынталандыратын жағдайды тудыруды да қамтиды.

5. Әрекеттердің мазмұны мұғалімге осындай білім алушылар үшін жалғыз мүмкіндік болып табылатын оқытудың жеке бағдарламасын құру үшін бағдар ғана болып табылатын оқу бағдарламаларында ашып көрсетіледі. Оқытудың жеке бағдарламасын құру үшін білім алушыны бақылап, оның қажеттілігі мен мүмкіндігін көрсететін болмашы белгілерді байқап отыру.

6. «Қалыптандыру» тұжырымдамасының негізінде орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды арнайы мектеп жағдайында оқыту мен тәрбиелеу процесін ұйымдастыру қағидалары қалыптастырылған.

7. Білім алушының өзіндік бірегей ерекшеліктерін сақтай отырып, дербес қарқында даму құқығын тану қағидасы.

8. Педагогтың әрбір білім алушыны оқытудың мазмұнын, тәсілдерін, түрін, дидактикалық құралдарды олардың жеке мүмкіндіктері мен білім берудегі және жеке тұлғалық жетістіктерін мониторингілеу нәтижесін есепке ала отырып, өздігінен таңдау қағидасы.

9. Білім алушыларда тәжірибелік әрекеттер мен әлеуметтік дағдыларды қалыптастыру үшін қажетті мектептік ортаны құру қағидасы:

1) икемділіктер мен дағдыларды қалыптастыру оларды пайдалануға болатын жағдайларға барынша жақын жағдайларда жүзеге асырылады;

2) білім алушылармен сабақ өтетін жайлардың әр түрлі өмірлік жағдаяттарды бейнелейтін кеңістікке айналдырылуы;

3) мектептегі әлеуметтік-тұрмыстық және заттық-дамытудың жайлы ортасы орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың жас ерекшелігі мен физиологиялық ерекшеліктерін есепке ала отырып (демалыс, қимыл белсенділігі мен санитарлық-гигиеналық шаралар және басқаларға арналған жабдықталған кеңістіктер), құрылады.

10. Ойлау, сөйлеу тілі мен коммуникацияны әлеуметтендіру құралы ретінде дамыту қағидасы. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың нақты жағдайдағы мүмкіндігіне қарай педагогикалық құралдармен өтелетін сөйлеу тілінің дамуында (оның болмауына дейін), ойлау қабілетінде, қарым-қатынастық дамуында өзіндік мәселелері бар. Сөйлеу тілін түсінуді кеңейту, қарым-қатынастың сөздік және сөздік емес құралдарын қалыптастыру,

білім алушылардың көрнекілік-әрекеттік ойлауын дамыту бойынша жұмыстар бірізділікпен құрылады. Білім алушылардың әрекетін педагогтың сөйлеу тілі арқылы қолдауының мөлшерлі және білім алушылардың түсінуі үшін қолжетімді болуы.

11. Оқу-тәрбиелеу процесін әлеуметтендіру бағыттылығы қағидасы. Білім алушылардың ерекшеліктеріне барынша ыңғайланған және олардың дені сау құрдастарымен өзара әрекеттенулерін шектейтін оқу және тәрбиелеу ортасы шарасыз жеңілдетілуіне байланысты, білім алушыны күрделі әлеуметтік ортаға ендіру арнайы жұмысты талап етеді:

1) білім алушылардың олар үшін қолжетімді көлемдегі әлеуметтік қатынастар мен өмірлік тәжірибесін кезең-кезеңмен және жоспарлы түрде кеңейту. Оқу уақытының бір бөлігін мектептен тыс жерде (қоғамдық көлікте жүру, дүкендерге, дәріханаларға, поштаға, емханаға, мұражайға, театрға, кафе және басқа да қоғамдық орындарға бару) ұйымдастыру;

2) білім алушының қоғамға ауыртпалықсыз енуі үшін оған шыдамды және мейірімді болатын қоршаған орта қалыптастырылады. Осы мақсатта мектептің білім алушының жанұясымен және қоғаммен арасындағы жоспарлы жұмысы қарастырылады.

12. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың тәртібіндегі бұзылыстар оның төменгі қажеттіліктерінің басым болып, жоғары қажеттіліктер жүйесінің (зерделік, рухани-адамгершіліктік, этикалық) дамымауына немесе ауытқуына байланысты болады. Сондай-ақ ерік аясының және жоғарғы қажеттіліктерінің дамымауына байланысты төменгі қажеттіліктерді тежеу қиындық тудырады. Сондықтан олардан агрессиялық байқалымдарды, бүлдіргіш әрекеттерді, қозуды (қимыл-қозғалыстық, сөйлеу тілдік), мектептен қашып кету жағдайын, оқу немесе еңбек әрекетінен бас тартуды жиі кездестіруге болады.

13. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушы өзі болатын сыныптағы, балалар немесе жасөспірімдер тобындағы жағдайды түсінбейді немесе нашар түсінеді, үнемі өзгеріп тұратын жағдайда өзін бұрын үйренген қалыпта ұстайды. Ол өзінің тәртібіне сын көзімен қарауға және оны өзгерген жағдаймен салыстыруға қабілетті емес.

14. Білім алушының тәртібіндегі кемшіліктерді жеңу қажеттілігі мектеп алдына орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға тәртіп мәдениеті бойынша білім мен дағдыларды белгілі бір жүйеде, нақты мысалдар мен жаттығулар көмегімен беру міндетін қояды.

15. Тәртіп мәдениетіне тәрбиелеу жүйелі түрде жүзеге асырылады, өмірдің барлық жақтары ендіріледі және білім алушылардың тәртібіне қойылатын талаптардың әр түрлі болуына рұқсат берілмейді.

16. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушылар тез сенгіш болады, айналасындағыларға еліктегенді жақсы көреді, сондықтан оларда тәртіп нормаларын әдеттендіруге, жанұясы мен қоғамға пайдалы болуға үйретуге болады.

17. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларда тәртіп мәдениетінің дағдылары мен әдеттерін қалыптастыру бойынша мақсатты бағытталған жүйелі жұмыс олардың мектепке келуінен басталып, мектепті бітіргенімен аяқталады.

18. Бастауыш сыныптардағы «Тәртіп мәдениеті» сабақтарында қарапайым гигиеналық дағдылар әдеттендіріледі, құрдастарымен қарым-қатынаста бола білу, ересектердің талаптары мен тапсырмаларын орындау, өзін болып жатқан таныс жағдайға сәйкес ұстай білу қалыптастырылады.

19. Барлық сабақтар ең алдымен, оқу бағдарламасының мазмұны арқылы білім алушыларды жалпы дамытуға (коммуникативтік, қимыл-қозғалыстық, сөйлеу тілдік, сенсорлық) бағыттайды.

20. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды оқыту процесі мазмұны жағынан да, сол сияқты ұйымдастыру түрі жағынан да қатал реттелуі мүмкін емес. Ұжымдық оқыту жағдайындағы танымдық қызығушылықтың төменділігі; жаппай жұмыс кезінде пайдаланылатын ынтамаландырмаларға деген реакциясының әлсіздігі.

21. Тәртіп мәдениетіне оқыту тәсілдері:

1) әдеттендіру: білім алушыларға белгілі бір тәртіп үлгісі беріледі;

2) жаттығу: қандай да бір әрекет көптеген рет қайталанады, мұғалім білім алушыға қандай да бір тәртіп ережелерін орындаудың қажеттілігі мен ыңғайлылығын сезіндіруге қол жеткізуге;

3) оқыту жағдайлары (жағдаяттық тапсырмалар, іскерлік ойындар және басқалары) білім алушының алдында таңдау мәселесі туындайтындай етіп ұйымдастырылуға тиісті (мысалы, шанышқы мен пышақты немесе шанышқының өзін ғана пайдалану);

4) көтермелеу: әр түрлі тәсілдермен жүргізіледі, білім алушыларды оқуға, тәртіптің дұрыс қадамын таңдауға белсендіреді;

5) жазғыру: педагогтың және басқа білім алушылардың жағымсыз әрекетті айыптауы білім алушыны жақсы әрекет жасауға ынталандыруға бағытталған;

6) еліктеуге арналған мысалдар білім алушыға қажетті және бірегей көрнекілік үлгі болып табылады, олар педагог, ата-ана, таныс ересек адам немесе бала, әдеби (ертегілік) кейіпкер болады;

7) түсіндіру: қандай да бір жағдайда неге солай істеу керектігін көрсетіп, айтып қана қоймай, сонымен бірге түсіндіреді.

22. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың сабақтағы әрекеттерінің түрін дұрыс таңдаған жағдайда педагогикалық міндеттер де дұрыс шешіледі. Зерделенетін құбылыстар мен заттарды тікелей бақылау (экскурсияда), білім алушылардың заттық-тәжірибелік, зерделік және сөйлеу тілдік, сондай-ақ ойын әрекеттері (дидактикалық, жағдаяттық-рөлдік, іскерлік ойындар және басқалары) жетекші әрекеттер болып табылады.

23. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың тәжірибелік әрекеттерін нақты ұйымдастыру. Ұсынылатын тапсырмалардың мазмұнына

меңгерілетін білім сапасы ғана емес, сондай-ақ білім алушылардың байқампаздығы мен ойлау қабілеті де тәуелді болады.

24. Оқылған материалды үнемі қайталау және бекітудің қажеттілігі орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың оқыған білім мен дағдыларды тез ұмытып қалатындығымен түсіндіріледі. Әрбір сабақта қайталауға уақыт бөлінеді.

25. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың бақылау және тәжірибелік әрекеттер процесінде жинаған білім мен түсініктері сөйлеу тілінде (айтылымдар, әңгімелесу, сипаттамада) тұжырымдалады. Байланыстырылған сөйлеу тілін қалыптастыруға және мәдениетті қарым-қатынас дағдыларын тәрбиелеуге үлкен көңіл бөлінеді.

26. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың қоғамдағы мәдениетті тәртіп нормалары туралы түсініктерін бейнелеуге, бекітуге, нақтылауға мүмкіндік беретін заттық-тәжірибелік және өнімдік әрекеттердің сан алуан түрлері сабақтың міндетті мазмұны болып табылады.

27. Ақпараттық-коммуникациялық технология (бұдан әрі – АКТ) әдетте қолданылатын құралдардың көмегімен құрылуы мүмкін емес дамыту және түзету міндеттерін шешу үшін қажетті оқыту жағдайларын «құрастыруға» көмектесе отырып, арнайы білім беру педагогы үшін қажетті құралдардың арсеналын кеңейтеді.

28. Сабақтарда АКТ төмендегі мақсаттарда қолданылады:

1) көрнекілік пішіндегі қандай да бір заттық мазмұнның біреуінен басқасына еркін өтіп, сөйлеу тілінің көмегімен бір тәсілден басқасына көше отырып, тікелей бақылаудан жасырын және кез келген қажетті күрделі белгілік пішіндегі танымдық нысандарды үлгілеу;

2) баланың өзінің әрекетін шынайы және кешеуілдетілген уақыт режимінде талдауы үшін көзбен көруге болатын қосымша динамикалық тірек құру; топтық оқыту жағдайындағы жекеленген өнімдік әрекеттену мүмкіндігімен қамтамасыз ету; жекеленген сапалы оқыту мүмкіндігін кеңейту.

29. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың жетістіктерін бағалау тек ішкі бағалау құралдарымен ғана жүзеге асырылады. Оқытудың жеке бағдарламасын жүзеге асыру нәтижелері білім беру процесі барысында мұғаліммен сабақтарда тікелей бағаланады.

30. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың жетістіктерін бағалау шараларының бірізділігі:

1) білім алушылардың білім және дағдыларының даму деңгейлерін алдын ала бағалау, оқытудың жеке бағдарламасын құруға арналған негіз ретіндегі білім алушының даму бейінін құру;

2) білім алушылардың жетістіктері мен дамуын ағымды бағалау білім алушылардың сабақ барысындағы жұмысын күнделікті бақылау арқылы жүзеге асырылады және мұғалімнің күнделікті жұмыс жоспарына тіркеліп отырады;

3) аралық бағалау бірінші жартыжылдық аяқталғанда жүзеге асырылады, икемділіктер мен дағдыларды оқытудың жеке бағдарламасына сәйкес

қалыптастырудың жетістігі туралы бағалау пайымдамасы жеке бағдарламада тіркеледі;

4) жетістіктерді қорытынды бағалау оқу жылының аяқталуына сәйкес жүзеге асырылады.

31. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың жетістіктерін бағалау үшін білім алушы жетістігінің сапалық көрсеткіші болып табылатын сипаттамалық бағалау пайдаланылады. Сипаттамалық бағалау білім алушының жеке білім беру процесінде жүзеге асырылған аймақтағы дамуы мен оқуына қатысты өзіндік педагогикалық есеп болып табылады.

32. Әрекеттіліктің мәдениетіне тәрбиелеудегі жетістіктерді анықтау үшін білім алушының оқуға және еңбектенуге деген қалауы және икемділігі, орындалатын жұмысқа деген қызығушылығы, оның мақсаты мен қоғамдық мәнін түсінуі; кез-келген түрдегі тапсырмалар мен өтініштерді өздігінен орындаудағы белсенділігі; талап етілген нәтижеге қол жеткізуге деген ұмтылысы; ұжымдық жұмыстағы өзара көмек сияқты көрсеткіштерді пайдалануға болады.

33. Тәртіп мәдениетіне оқыту нәтижесін бағалау:

1) тәжірибеде меңгерілген әрекет тәсілдерін, тәртіп мәдениетінің дағдыларын басшылыққа ала білу;

2) тәртіп мәдениетін, оларға деген қажеттілікті білдіретін әрекеттерге қызығушылық байқату;

3) құрдастарының, айналасындағылардың тәртібіндегі жағымсыз байқалымдарға адекватты көзқарас;

4) тәртіп мәдениетінің сыртқы түрінің білім алушының ішкі тұлғалық қасиеттерімен өзара байланысы.

3 - тарау. «Тәртіп мәдениеті» оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

34. «Тәртіп мәдениеті» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 5-сыныпта аптасына – 1 сағат, оқу жылында 34 сағат;

2) 6-сыныпта аптасына – 1 сағат, оқу жылында 34 сағат;

3) 7-сыныпта аптасына – 1 сағат, оқу жылында 34 сағат.

4) 8-сыныпта аптасына – 1 сағат, оқу жылында 34 сағат;

5) 9-сыныпта аптасына – 1 сағат, оқу жылында 34 сағат.

35. 5-9 сыныптардағы орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған «Тәртіп мәдениеті» пәнінің негізгі мазмұны ұқыптылық пен жинақылықты, сыпайылықты, дәлділікті тәрбиелеуге, жақсы қылықтарды, өзін мектепте, үйде, көшеде және қоғамдық орындарда мәдениетті ұстау дағдыларын және мәдениеттіліктің күрделі байқалымдарын: өнегелікті, әдептілік, еркіндік, биязы қылықты және басқаларын әдеттендіруге бағытталған.

36. «Тәртіп мәдениеті» пәнінің мазмұны орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың өмірлік тәжірибесін байытуға бағдарланған оқытудың коммуникативтік-әрекеттік үлгісіне бағытталған.

37. «Тәртіп мәдениеті» оқу пәні күтілетін нәтижелер (дағдылар немесе икемділіктер, білім немесе түсініктер, қолданыс) түріндегі сыныптар бойынша оқыту мақсаттарын қамтитын бөлімдер мен бөлімшелер бойынша ұйымдастырылған. Әрбір бөлімшенің ішінде бірізділікті сақтай отырып құрастырылған оқу мақсаттары мұғалімдерге өз жұмысын жоспарлауға және білім алушылардың жетістіктерін бағалауға, сонымен қатар оларға оқудың келесі кезеңдерінен хабардар болуға мүмкіндік береді.

38. Бағдарламадағы оқу материалы шоғырландыру қағидасының негізінде құрамдастырылған, бұл орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларда дағдыларды қалыптастырудың шынайы қиындықтарын есепке алуға мүмкіндік береді. Оқытудың әрбір жылында білім алушылардың әр түрлі өмірлік жағдайлардағы тәртібінің мәдени түрлерін қайталауға, бекітуге және әдеттендіру үшін мүмкіндік тудырылады.

39. Бағдарлама келесідей бөлімдерді қамтиды:

- 1) 1-бөлім «Сыртқы келбет мәдениеті»;
- 2) 2-бөлім «Тұлғааралық қарым-қатынас мәдениеті»;
- 3) 3-бөлім «Қоғамдық орындардағы тәртіп мәдениеті».

40. «Сыртқы келбет мәдениеті» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) дене гигиенасы;
- 2) киім және аяқ киім гигиенасы;
- 3) тамақтану мәдениеті.

41. «Тұлғааралық қарым-қатынас мәдениеті» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) қарым-қатынас мәдениеті және сөйлеу тілдік этикет;
- 2) әрекеттік мәдениет.

42. «Қоғамдық орындардағы тәртіп мәдениеті» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) үйдегі және мектептегі тәртіп мәдениеті;
- 2) көшедегі тәртіп мәдениеті;
- 3) қызмет көрсету мекемелеріндегі тәртіп мәдениеті.

4 - тарау. Оқыту мақсаттарының жүйесі

43. Бағдарламада оқу мақсаттарын қолдануға, мониторинг өткізуге тиімді болу үшін кодтық белгі енгізілген. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші сан бөлімді, үшінші сан бөлімшені, төртінші сан оқу мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 5.2.2.1 кодындағы «5» – сынып, «2.2» – бөлімше, «1» – оқу мақсатының реттік саны.

44. Оқыту мақсатының мазмұны:

1) «Сыртқы келбет мәдениеті»:
1-кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары				
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып
1.1 Дене гигиенасы	5.1.1.1 тамақ ішер алдында, дәретханадан, ойыннан кейін қолын сабындап жуу; 5.1.1.2 ұйқыдан кейін және ұйықтар алдында жуыну, жуыну процесі әрекеттерінің бірізділігін сақтау; 5.1.1.3 сүлгімен құрғатып сүрту; 5.1.1.4 тамақтан кейін ауызын шаю; 5.1.1.5 таңертең және кешке тіс тазарту.	6.1.1.1 тамақ ішер алдында, дәретханадан, ойыннан кейін қолын сабындап жуу; 6.1.1.2 ұйқыдан кейін және ұйықтар алдында жуыну, жуыну процесі әрекеттерінің бірізділігін сақтау; 6.1.1.3 сүлгімен құрғатып сүрту; 6.1.1.4 тамақтан кейін ауызын шаю; 6.1.1.5 таңертең және кешке тіс тазарту; 6.1.1.6 гигиена	7.1.1.1 ұйқыдан кейін және ұйықтар алдында жуыну, жуыну процесі әрекеттерінің бірізділігін сақтау; 7.1.1.2 сүлгімен құрғатып сүрту; 7.1.1.3 тамақтан кейін ауызын шаю; 7.1.1.4 таңертең және кешке тіс тазарту; 7.1.1.5 гигиена заттарын (тіс мәуесегі, сабын салғыш, тарак) күтіп ұстау; 7.1.1.6 орамалын пайдалану, түшкірген	8.1.1.1 таңертеңгілік, кешкілік гигиеналық шараларды ескертусіз-ақ орындау; 8.1.1.2 сүлгімен құрғатып сүрту; 8.1.1.3 тамақтан кейін ауызын шаю; 8.1.1.4 таңертең және кешке тіс тазарту; 8.1.1.5 гигиена заттарын (тіс мәуесегі, сабын салғыш, тарак) күтіп ұстау; 8.1.1.6 орамалын пайдалану, түшкірген және жөтелген кезде этикалық ережелерді	9.1.1.1 таңертең үнемі бір мезгілде тұру, таңертеңгілік жаттығуларды орындау; 9.1.1.2 өзінің сыртқы түрін бақылау; 9.1.1.3 жеке гигиеналық заттарды күтіп ұстау; 9.1.1.4 айнаның алдында тарақтың көмегімен шашын тәртіпке келтіру; 9.1.1.5 ұйықтар алдында аяғын жуу, сүлгімен құрғатып сүрту; 9.1.1.6 балаларға арналған жақпамайд

		заттарын (тіс мәуесегі, сабын салғыш, тарақ) күтіп ұстау; 6.1.1.7 орамалын пайдалану, түшкірген және жөтелген кезде этикалық ережелерді орындау	және жөтелген кезде этикалық ережелерді орындау; 7.1.1.7 айна алдында тарақтың көмегімен шашын тәртіпке келтіру; 7.1.1.8 ұйықтар алдында аяғын жуу, орамалмен құрғатып сүрту	орындау; 8.1.1.7 айна алдында тарақтың көмегімен шашын тәртіпке келтіру; 8.1.1.8 ұйықтар алдында аяғын жуу, орамалмен құрғатып сүрту	ы пайдалану; 9.1.1.7 шаш жуғанда сусабынды пайдалану; 9.1.1.8 қол мен аяқ тырнағының күтімі туралы білу; 9.1.1.9 сыныптастырының және өзінің қолы мен тынағының жағдайының дұрыс еместігін байқау
1.2 Киім және аяқ киім гигиенасы	5.1.2.1 мұғалімнің көмегімен киім мен аяқ киімді ауа райына сәйкес таңдау; 5.1.2.2 өзінің киімін бүктеп шкафқа салу және ілу; 5.1.2.3 сыртқы киімін өздігінен кию, күртеше	6.1.2.1 киім мен аяқ киімді ауа райына сәйкес өздігінен таңдауға тырысу; 6.1.2.2 өзінің киімін бүктеп шкафқа салу және ілу; 6.1.2.3 сыныптастырына киімнің сыртқы түрін	7.1.2.1 өзінің киімін бүктеп шкафқа салу және ілу; 7.1.2.2 сыртқы киімін өздігінен кию, күртеше мен пәлтесінің сырмасын және түймесін салу; 7.1.2.3 киім щеткасын,	8.1.2.1 күн бойына өз киімінің тазалығын сақтай білу; 8.1.2.2 аяқ киімін тазарту, өзінің киімін ұқыптылықпен шкафқа ілу; 8.1.2.3 өздігінен үй киімін кию; 8.1.2.4 киімін, аяқ киімін ұқыпты және таза	9.1.2.1 күн бойына өз киімін таза ұстау; 9.1.2.2 ұйықтар алдында, өзінің киімі мен аяқ киімін тәртіпке келтіру; 9.1.2.3 үйден, мектептен шыққанда өзінің сыртқы түрінің ұқыпты екенін

	мен пәлтесінің сырмасын және түймесін салу; 5.1.2.3 бетінің, қолының, киімнің және аяқ киімінің тазалығын сақтау; 5.1.2.4 күн бойына өз киімінің тазалығын сақтай білу	бағалауға көмектесу; 6.1.2.4 киім щеткасын, аяқ киім щеткасын пайдалану; 6.1.2.5 өзінің киімі мен аяқ киімін ұқыптылықпен және сақтап кию	аяқ киім щеткасын пайдалану; өздігінен үй киімін кию; 7.1.2.4 үйден, мектептен шыққанда өзінің сыртқы түрінің ұқыпты екенін тексеру; 7.1.2.5 кішкентай балаға немесе құрдасына пәлте киіп, түймесін салуға, мойынорағын байлауға көмектесу	ұстау; 8.1.2.5 үйден, мектептен шыққанда өзінің сыртқы түрінің ұқыпты екенін тексеру; 8.1.2.6 мерекеге, қонаққа бару үшін киім таңдай білу; 8.1.2.7 киімді ауа райына, жыл мезгіліне сәйкес таңдай білу	тексеру; 9.1.2.4 мерекеге, қонаққа бару үшін киімді өзінің таңдай білу; 9.1.2.5 киімді ауа райына, жыл мезгіліне сәйкес таңдай білу 9.1.2.6 су киім мен аяқ киімді кептіру; 9.1.2.7 резенке етікті жуу; 9.1.2.8 сыртқы түрінің болып жатқан өмірлік жағдайға сәйкес келмейтінін байқау
1.3 Тамақтану мәдениеті	5.1.3.1 тамақтану ережелерін (үстел басында тұзу отыру, шынтағын үстелге қоймау, тамақты	6.1.3.1 тамақтану ережелерін (үстел басында тұзу отыру, шынтағын үстелге қоймау, тамақты	7.1.3.1 тамақтану ережелерін орындау; 7.1.3.2 тамақ ішу құралдарын (шанышқы, пышақ) дұрыс пайдалану;	8.1.3.1 тамақтану ережелерін орындау; 8.1.3.2 тамақтану процесінде тамақ ішу құралдарын дұрыс пайдалану;	9.1.3.1 тамақтану ережелерін орындау; 9.1.3.2 нәрсудағы жемістердің сүйегін шәй қасықпен алып, ақырын

асықпай, мұқият шайнау, нанды бөліп алу) орындау; 5.1.3.2 тамақтану процесінде тамақ ішу құралдарын (үлкен, кішкентай қасық, майлық қағаз салғыш) дұрыс пайдалану; 5.1.3.3 тамақ ішу кезінде майлық қағазды пайдалану; 5.1.3.4 тамақты ұқыпты, дыбысын шығармай, мұқият шайнап жеу	асықпай, мұқият шайнау, нанды бөліп алу) орындау; 6.1.3.2 тамақтану процесінде тамақ ішу құралдарын (үлкен, кішкентай қасық, майлық қағаз салғыш) дұрыс пайдалану; 6.1.3.3 тамақ ішу кезінде майлық қағазды пайдалану; 6.1.3.4 тамақ өнімдеріне ұқыптылықпен қарау	7.1.3.3 тамақ ішу кезінде майлық қағазды пайдалану; 7.1.3.4 тамақ өнімдеріне ұқыптылықпен қарау; 7.1.3.5 тамақ ішіп болғаннан кейін, ас ішетін құралды дастарханға емес, тәрелкеге салу; 7.1.3.5 дәмді тамақ үшін алғысын білдіру	8.1.3.3 тамақ ішу кезінде майлық қағазды пайдалану; 8.1.3.4 тамақ өнімдеріне ұқыптылықпен қарау; 8.1.3.5 ересек адамдарға дастархан жаюға және үстелдегі ыдыстарды жинауға көмектесу; 8.1.3.6 өзінің және сыныптасының тәртібінің дастархан басындағы тәртіп ережелеріне сәйкес келмейтінін байқау; 8.1.3.7 дәмді тамақ үшін алғысын білдіру	ғана тәрелкеге салу; 9.1.3.3 тамақ ішіп болғаннан кейін қасықты, шанышқыны, пышақты тәрелкеге салу; 9.1.3.4 тамақтану процесінде тамақ ішу құралдарын дұрыс пайдалану; 9.1.3.5 тамақ өнімдеріне ұқыптылықпен қарау; 9.1.3.6 ересек адамдарға дастархан жаюға және үстелдегі ыдыстарды жинауға көмектесу
--	--	---	--	---

2) «Тұлғааралық қарым-қатынас мәдениеті»:
2-кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары				
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып

<p>2.1 Қарым-қатынас мәдениеті және сөйлеу тілдік этикет</p>	<p>5.2.1.1 құрдастары мен, мұғаліммен кездескенде сыпайыгершілікпен амандасу, қоштасқанда сәл басын иіп қоштасу; 5.2.1.2 амандасу сөздерін жымыып, анық, сергек айту; 5.2.1.3 «Сәлеметсіз бе», «Сау болыңыз», «Мархабат» сыпайыгершілік сөздерін пайдалану; 5.2.1.4 ересектердің сөзін бөлмеу, олардың әңгімесіне араласпау; 5.2.1.5 кірген үлкен адамға орындық ұсыну немесе өз орнын беру; 5.2.1.6</p>	<p>6.2.1.1 құрдастарымен, мұғаліммен кездескенде сыпайыгершілікпен амандасу және қоштасу; 6.2.1.2 үл балалар қыз балалармен бірінші амандаса білу; 6.2.1.3 «Кешіріңіз», «Кіруге рұқсат па», «Кіруге бола ма» сыпайыгершілік сөздерін пайдалану; 6.2.1.4 басқалардың амандасуына тілектестік достық пейілмен жауап беру; 6.2.1.5 жасы үлкен</p>	<p>7.2.1.1 «Қайырлы таң», «Қайырлы күн», «Қайырлы кеш», «Қайырлы түн» сыпайыгершілік сөздерін пайдалану; 7.2.1.2 жасы үлкен адамдармен «сіз» деп сөйлесу; 7.2.1.3 ересек адамдардың күнделікті еңбегіне, ата-анасының қамқорлығына сыйласымдылық таныту; 7.2.1.4 сыныптастарына тілектестік пейіл білдіріп, қайырымды іс жасауға ұмтылу; 7.2.1.5 сөйлесіп тұрған адамның</p>	<p>8.2.1.1 сөйлеу тілінде сөйлесіп тұрған адамның ұлтына қарай әртүрлі қаратпа сөздерді пайдалану; 8.2.1.2 қазақ тілінде амандасып, қазақ тілінде қоштасу; 8.2.1.3 «Қайырлы түн», «Алғысымды білдіремін», «Рақым етіңіз» деген сыпайыгершілік сөздерін пайдалану; 8.2.1.4 басқалардың амандасуына тілектестік достық пейілмен жауап беру; 8.2.1.5 «сыпайыгершілік»</p>	<p>9.2.1.1 қазақ халқында ересектерге қатысты қабылданған әдеттегі қарым-қатынасты ұстану; 9.2.1.2 сыпайыгершілік сөздерді пайдалану; 9.2.1.3 сыныптастарына, көршілеріне тілектестік пейіл білдіру; қайырымды іс істеуге тырысу; 9.2.1.4 сөйлесіп тұрған адамның көзіне тура қарап, тілектестігін білдіру; 9.2.1.5 өз тәртібінің талап етілетін нормаға сәйкес келмейтінін байқау.</p>
--	--	--	--	--	---

	ересек адамдарды мұқият тыңдау, тыныш тұру, сөйлеп тұрған адамның бетіне қарау.	адамдармен «сіз» деп сөйлесу; 6.2.1.6 ұл балалар қыз балаларға жол беру; 6.2.1.7 қоғамдық орындарда жайлап, ақырын сөйлеу; 6.2.1.8 ересек адамдардың еңбегіне сыйласымдылықпен қарау, ересектердің жұмысына бөгет жасамау.	көзіне тура қарап, тілектестігін білдіру; 7.2.1.6 ересек адамның сөзін бөлмей, мұғалімді тыңдау; 7.2.1.7 өз тәртібінің талап етілетін нормаға сәйкес келмейтінін байқау.	сөзінің мағынасын түсіну; 8.2.1.6 жолдасының сөзін бөлмей тыңдай білу; 8.2.1.7 нақты бір жағдайдағы өзінің тәртібін бағалау.	9.2.1.6 «сыпайыгершілік» сөзінің мағынасын түсіну; 9.2.1.7 қонақта құрдастарымен және ересек адамдармен таныса білу; 9.2.1.8 ересектердің сөзін бөлмеуге, олардың әңгімесіне араласпауға тырысу.
2.2 Әрекет мәдениеті	5.2.2.1 мектептік құрал-жабдықтарды өзінің орнына қою, оларды ұқыптылықпен пайдалана білу; 5.2.2.2 үстелінің, сөресінің тазалығын	6.2.2.1 өз оқу құралдарына барлық жерде және үнемі ұқыптылықпен қарау; 6.2.2.2 кітапты таза қолымен ұстап, парақтары нбүктемей,	7.2.2.1 бастаған ісін аяғына дейін жеткізу; 7.2.2.2 жұмысын тек жақсы орындауға тырысу; 7.2.2.3 қоғамдық еңбекке қатысу, мұғалімге, тәрбиешіге,	8.2.2.1 қоғамдық еңбекке қатысу, мұғалімге, тәрбиешіге, ата-анасына көмектесу; 8.2.2.2 жанұя мүшелерімен, сыныптастарымен, достарымен келісу,	9.2.2.1 өзінің жұмыс орнында, сыныбында, шеберханада, ойын бөлмесінде, үйде тазалық сақтау, тәртіпте ұстау; 9.2.2.2 мақсатқа

	сақтау, тәртіпте ұстау; 5.2.2.3 ойын, сабақ, еңбек, демалыс кезінде тілектестік байқату, көмек көрсету	үстел үстіне қойып қана пайдалану; 6.2.2.3 адамдарға және олардың еңбектерін ің нәтижелеріне құрметпен қарау	ата-анасына көмектесу; 7.2.2.4 жанұя мүшелерімен, сыныптастарымен, достарымен келісу, бірге әрекеттену, бір-біріне көмектесу	бірге әрекеттену, бір-біріне көмектесу; 8.2.2.3 өзінің жұмыс орнында, сыныбында, шеберхананда, ойын бөлмесінде, үйде тазалық сақтау, тәртіпте ұстау; 8.2.2.4 кез келген тапсырманы, кез келген жұмысты тек жақсы орындауға тырысу	жетуде табандылық көрсету; 9.2.2.3 бос отырмау, бүгін істеуге болатынды ертеңге қалдырмау; 9.2.2.4 кез келген тапсырманы, кез келген жұмысты тек жақсы орындауға тырысу; 9.2.2.5 табиғатты сүю, жануарларға қамқорлық көрсету
--	--	--	--	---	---

3) «Қоғамдық орындардағы тәртіп мәдениеті»:
3-кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары				
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып
3.1 Үйдегі және мектептегі тәртіп мәдениеті	5.3.1.1 ғимаратқа кірер алдында аяғын сүрту; 5.3.1.2 үйде, мектепте күн түзімін орындау;	6.3.1.1 үйде, мектепте күн түзімін орындау; 6.3.1.2 ғимаратқа кіргенде бас киімін	7.3.1.1 үйде ата-анасына, жанұяның үлкен және кіші мүшелеріне қолынан келетін көмегін	8.3.1.1 тұрмыстық электр құралдарын пайдаланғанда қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтау;	9.3.1.1 тұрмыстық электр құралдарды, ыстық, үшкір, өткір заттарды пайдаланғанда

	<p>5.3.1.3 үйде және мектепте өз заттарын тәртіпте ұстау; 5.3.1.4 ғимаратқа кіргенде бас киімін шешу; 5.3.1.5 мектепке таза, ұқыпты болып келу, айна алдында киімін тәртіпке келтіру; 5.3.1.6 мектеп дүниесіне, мектеп құрал-жабдықтарына ұқыптылықпен қарау; 5.3.1.7 сабақтағы, мектептегі, мектеп жанындағы үлескедегі тәртіп ережелерін орындау; 5.3.1.8 үйде қолынан келетін міндеттерді</p>	<p>шешу; 6.3.1.3 мектепке таза, ұқыпты болып келу, айна алдында киімін тәртіпке келтіру; 6.3.1.4 сабақта, үзілісте және сыныптан тыс уақыттарда білім алушының тәртіп ережесін орындау; 6.3.1.5 мектеп дүниесіне, мектеп құрал-жабдықтарына ұқыптылықпен қарау; 6.3.1.6 үй күтімі бойынша қолынан келетін көмекті көрсету; 6.3.1.7 ересектердің</p>	<p>көрсету; 7.3.1.2 өзінің жағдайы туралы айтып, көмек сұрай білу; 7.3.1.3 ғимаратқа кіргенде бас киімін шешу; 7.3.1.4 білім алушының тәртіп ережелерін орындау; 7.3.1.5 мектепке таза, ұқыпты болып келу, киімін тәртіпке келтіру; 7.3.1.6 сабақта, үзілісте және сыныптан тыс уақыттарда білім алушының тәртіп ережесін орындау; 7.3.1.7 мектеп жанындағы үлескедегі күзгі және</p>	<p>8.3.1.2 көршілерім ен жағымды қарым-қатынаста болу; 8.3.1.3 мектепке таза, ұқыпты болып келу, айна алдында киімін тәртіпке келтіру; 8.3.1.4 мектепте, үйде тәртіп ережелерін орындау; 8.3.1.5 мектеп дүниесіне, мектеп құрал-жабдықтарына ұқыптылықпен қарау; 8.3.1.6 кезекшінің міндетін атқару, мектеп жайларын жинастыруда ересектерге көмек көрсету; 8.3.1.7 үйдегі</p>	<p>қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтау; 9.3.1.2 көршілерімен жағымды қарым-қатынаста болу; 9.3.1.3 қауіпсіздік ережелерін (жақсы таныс емес адамдарға есік ашпау) орындау; 9.3.1.4 қонақжайлық ережелерін ұстану; 9.3.1.5 мектепке таза, ұқыпты болып келу, киімін тәртіпке келтіру; 9.3.1.6 кезекшінің міндетін атқару, ересектерге мектеп жайларын мектептік шараларды</p>
--	--	---	---	--	--

	орындау	тапсырмасын орындау	көктемгі жұмыстарға қатысу	міндеттерін орындау	өткізу үшін дайындауға көмек көрсету
3.2 Көшедегі тәртіп мәдениеті	5.3.2.1 көшені қоқсытпауға әдеттену; 5.3.2.2 үйдің қабырғасын а, дуалдарға сурет салуға болмайтын білу; 5.3.2.3 жаяужолдың оң жағымен жүру; 5.3.2.4 көшені бағдаршамның белгісі бойынша және жаяу өтпе жол бойымен өтуді білу	6.3.2.1 көшені қоқсытпауға әдеттену; 6.3.2.2 үйдің қабырғасын а, дуалдарға сурет салуға болмайтын білу; 6.3.2.3 көшеде қатты сөйлеу, күлу, басқалардың көңілін өзін аудару әбес қылық екенін білу	7.3.2.1 көшені қоқсытпауға әдеттену; 7.3.2.2 үйдің қабырғасын а, дуалдарға сурет салуға болмайтын білу; 7.3.2.3 көшеде қатты сөйлеу, күлу, басқалардың көңілін өзін аудару әбес қылық екенін білу; 7.3.2.4 жаяужолдың оң жағымен жүру	8.3.2.1 көшені қоқсытпауға әдеттену; 8.3.2.2 үйдің қабырғасын а, дуалдарға сурет салуға болмайтын білу; 8.3.2.3 көшеде өткіншілердің көңілін өзін аудармау; 8.3.2.4 жаяужолдың оң жағымен жүру; 8.3.2.5 таныс адамды кездестіргенде сөйлесу үшін шетке қарай шығу	9.3.2.1 көшені қоқсытпауға әдеттену; 9.3.2.2 көшеде өткіншілердің көңілін өзін аудармау; 9.3.2.3 жаяужолдың оң жағымен жүру; 9.3.2.4 таныс адамды кездестіргенде сөйлесу үшін шетке қарай шығу; 9.3.2.5 топ болып келе жатқан балаларға жаяужолды толықтай басып алуға болмайды

<p>3.3 Қызмет көрсету мекемелеріндегі тәртіп мәдениеті</p>	<p>5.3.3.1 емханадағы тәртіп ережесін ұстану, дәрігер қабылдауында өз кезегін күту; 5.3.3.2 көлікке кіру және шығу ережелерін орындау; 5.3.3.3 басқа жолаушылармен әрекетте сыпайыгершілік қатынас ережелерін орындау</p>	<p>6.3.3.1 емханадағы, шаштараздағы тәртіп ережесін ұстану, өз кезегін күту; 6.3.3.2 дүкендегі тәртіп ережелерін орындау</p>	<p>7.3.3.1 қызмет көрсету мекемелеріндегі тәртіп ережесін орындау; 7.3.2.2 қоғамдық көлікте жол ақысын дұрыс және дер кезінде төлеу, қоғамдық көліктегі тәртіп ережелерін орындау</p>	<p>8.3.3.1 қоғамдық орындардағы тәртіп ережесін ұстану; 8.3.3.2 дүкенде керегін сатып алу; 8.3.3.3 қоғамдық көлікте жол ақысын дұрыс және дер кезінде төлеу; 8.3.3.6 қарт адамдар мен балалы жолаушыларға орын беру</p>	<p>9.3.3.1 қоғамдық орындардағы тәртіп ережесін ұстану; 9.3.3.2 дүкенде, супермаркетте, сауда орталықтағы тәртіп ережелерін орындау; 9.3.3.3 көңіл көтеру шараларында өздерін дұрыс ұстай білу; 9.3.3.4 театрдағы, кинотеатрдағы тәртіп ережелерін ұстану; 9.3.3.5 басқа адамдармен кез келген жағдайда сыпайыгершілік қатынаста болу ережелерін орындау</p>
--	---	--	---	---	--

45. Білім алушылардың психофизикалық және ақыл-ой дамуының ерекшеліктеріне байланысты Бағдарламаның мазмұны тоқсандар бойынша реттелмейді. Тақырыптарды оқыту дәйектілігін мұғалім сыныптағы білім алушылардың қалыптастырылған мінез-құлық және мәдени дағдыларының дейгейіне қарай мұғалім анықтайды.